Ата-аналарға арналған консультация

Тақырыбы: Үй жағыдайында баланың қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жолдары.

Қазақ тілі мұғалімі: Айсина Б.С

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз баланың байланыстырып сөйлеу дағдысының маңыздылығы және оны үй жағдайында дамытудың тиімді тәсілдері туралы әңгімелесеміз. Байланыстырып сөйлеу – баланың өз ойын жүйелі, ретімен, мәнерлеп жеткізе алуы. Бұл дағды мектепке дейінгі жаста қалыптасады және болашақ оқу үлгерісіне тікелей әсер етеді.

1.Байланыстырып сөйлеудің маңызы:

-Баланың сөздік қоры молаяды.

-Ойлау қабілеті, есте сақтау, зейін дамиды.

-Әңгімелесу мәдениеті қалыптасады.

-Сюжеттік-логикалық айтуға дағдыланады.

-Болашақта мектепте сауатты жазу мен оқу дағдысына негіз болады.

2. Үй жағдайында байланыстырып сөйлеуді дамыту тәсілдері

- Күнделікті сөйлесу

Баламен қарапайым диалог жүргізіңіз: «Бүгін балабақшада не істедің?», «Қай ойын ұнады?»

Толық жауап беруге ынталандырыңыз.

- Сурет бойынша әңгіме құрату

Кітаптағы немесе интернеттегі суреттерді көрсетіп:

«Бұл суретте не көріп тұрсың?», «Қандай оқиға болып жатыр?» деген сұрақтар қойыңыз.

Басталуын, өрбуін, аяқталуын айтып беруді сұраңыз.

- Ертегілер мен әңгімелер оқу

Кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы жеке-жеке сұраңыз.

-Ойын арқылы сөйлеуді дамыту

«Не өзгерді?», «Не жоғалды?», «Сөз ойла» сияқты ойындар ойнаңыз.

Жаңа сөздермен күнделікті таныстырып, мағынасын түсіндіріңіз.

Заттарды сипаттауға үйретіңіз: түсі, өлшемі, пішіні, қызметі.

3. Ата-ананың рөлі

Баланы асықтырмай тыңдау.

Баланың жауабын толық сөйлеммен айтуға бағыттау.

Қателерін жұмсақ түрде түзету, қолдау көрсету.

Үйде тілдік орта қалыптастыру.

4. Ұсынылатын ойындар

«Сипатта» – кез келген затты сипаттау.

«Әрі қарай айт» – басталған сөйлемді аяқтау.

«Суреттер сөйлейді» ойыны 3-4 сөзден тұратын карточкалар арқылы сөйлем құрастыру.

Қорытынды

Балаңыздың байланыстырып сөйлеу қабілеті тұрақты жаттығу мен қолдауды қажет етеді. Үйде ата-ананың көмегімен жүргізілген ақпараттық және тілдік қарым-қатынас баланың тілінің дамуына үлкен ықпал етеді. Үй жағдайынды сіздердің, балабақада біздің көмегімізбен балалардың қазақ тілінде еркін, ашық, сауатты сөйлеуіне бірлесіп жұмыс жасайық.

Егер сұрақтарыңыз болса немесе жеке кеңес қажет болса, әрқашан хабарласа аласыз.